Сыр бойы

№154
(19637)
16 ҚАЗАН,
СЕЙСЕНБІ
2018 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | 1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ | WWW.SYRBOYI.KZ

BÚGINGI SANDA

QOLJETIMDI BASPANA – QOǴAM IGILIGI 2»

TIL – ULTTYŃ JANY 3»

«LEGOROBO» ÚZDIKTER QATARYNDA 4»



ТАРИХТЫ ТҮЛЕТКЕН, ДӘСТҮРДІ ЖЫР ЕТКЕН, МЕРЕКЕЛІ ЖЫЛ ТАРТУЫ

ҚОРҚЫТ ЕЛІ – ҚҰНДЫЛЫҚТАР БАСТАУЫ

Тұтас түркі жұртының данагөйі Қорқыт бабаның туған жері Қармақшы, адамзаттың айға аттанған мекені Байқоңыр – біздің елдің ұлттық бренді. Қасиетті өлкеде қазақтың мыңжылдық философиясы бар. Жүз сүлейдің бір ауылдан түлеуі, бұл аумақта жыр күмбезінің салтанат құруы тегін емес. Ел ежелден-ақ өңірдің өзгешелегін байқап, Байқоңырды «жер кіндігі» атаған. Өткен аптада елдің руханият бесігі Қармақшы ауданының 90 жылдық тарихи тойы аталып өтті.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Мерейтой «Қорқыт ата» кешеніндегі амфитеатрдан бастау алды. Аудан орталығы Жосалы кентінде «Қармақшы – елдік пен ерлік мекені» атты ғылыми-танымдық конференция ұйымдастырылып, «Қармақшы» кітабының тұсауы кесілді. Ауданның 90 жылдық мерейтойына облыс әкімі Қырымбек Көшербаев пен өнір дамуына атсалысқан азаматтар қатысты.

Аймақ басшысы қармақшылықтарды мерейтоймен құттықтап, ұзандар мекендеген өңірдің аймақ дамуындағы алар орнына айрықша тоқталды.

– Ұлы Жібек жолы бойында Батыс пен Шығыс өркениетін тоғыстырып, адамзаттық құндылықтарды насихаттауда Қармақшы өңірі ежелден мәдени-рухани мұралардың, ізгілік пен парасаттың бесігі болып келеді.

«Сыр елі – жыр елі» деген ұғымды Сыр еліне мәңгі қалыптастырған да осы қасиетті Қармақшы жері. Сондықтан да, тұма жырдың бастауын Қорқыт бабадан алған, талайды таңдай қақтырған, Сыр сүлейлері деген атауды ұлттық мәдениет төрінде берік орнықтырған жыршы-жыраулардың, дарабоз ақындар мен шайырлардың мекені деп мақтан етеміз. Атап айтқанда, Балқы Базар, Дүр Оңғар, Жиенбай жырау, Ешнияз сал іргесін қалап, Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары, Тұрмағамбет Ізтілеуов күмбезін көтерген жыр керуені – Қармақшы жерінің «Жүз шайыр елі» аталуына себеп болды. Осы рухани арқауды жалғастыру үшін біз Үкіметке Қызылорда қаласында дәстүрлі өнер академиясын ашуға ұсыныс білдірдік, – деді облыс басшысы.

Сондай-ақ, шара барысында облыс әкімі Т.Көмекбаев, Іркөл және Куандария ауылдық округтарының шаруашылықтарына көгалдандыру жұмыстарына арналған арнайы техника – тракторлардың кілтін табыстады.

Ал конференцияда «Қармақшы» кітабының авторлары – филология ғылымдарының докторы Бағдат Қәрібозұлы мен тарих ғылымдарының кандидаты Әзілхан Тәжекеев, Қармақшы ауданының Құрметті азаматтары – Бақберген Досманбетов, профессор Темірхан Тебегенов, жырау Алмас Алматов ел тарихынан сөз тарқатты.

2-бет

ШЫРАЙЛЫ ӨҢІРДЕГІ ТОЙ ШАПАҒЫ

Өткен сенбі, жексенбіде «Алтын күз» мерекесі аясында Шиелі ауданының құрылғанына 90 жыл толуына арналған шаралар кең ауқымда аталып өтті. Оған әр ауылдан келген өкілдер, мекеме мен кәсіпорын қызметкерлері және де есімі елге белгілі қайраткерлер қатысып, той тартуына куә болды.

Ауданның орталық стадионына ақ боз үйлер тігіліп, той өзінің сән-салтанатымен бастау алды. Ауылшаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесі таң бозынан қызып жатты. Аудан орталығының тұрғындары әр ауылдан келген шаруалардың көлігінен өзіне қажетті өнімдерді күнделікті базар бағасынан 15-20 процентке арзан саудалап, қуанышқа бөленсе, шаруалар да ала жаздай еткен еңбегінің жанғанына мерейленді. Облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов аудан жұртшылығына лебіз арнап, аймақ басшысының құттықтауын жеткізді. Сондай-ақ, шара барысында мемлекеттік сыйлықтың иегері, жазушы Әнес Сарай, қоғам қайраткері Әбдіжәлел Бәкір көпшілікке өздерінің тілектерін арнады. Аудан әкімі Әшім Оразбекұлы өз баяндамасында биылғы жылғы жетістіктермен қатар 90 жылдық тарихы бар ауданның тәуелсіздік жылдарындағы басты оқиғаларына тоқталып өтті. Осы уақыт аралығында бұрын тек ауылшаруашылық саласымен шұғылданатын аудан өнеркәсіп барысында да жаңа жетістіктерге қол жеткізе бастаған. Тау қойнауының бағалы кені ел игілігіне айнала бастағандығы соның белгісі. Сонымен бірге Елбасы тапсырмасына орай, кәсіпкерліктің өрісі кеңейіп, отбасылық бизнестік тиімділігі жан-жақты көрініс тауып келеді.

Орталық стадиондағы театрланған көріністе шежірелі Шиелінің тарихынан да сыр шертілді, онда өңірдің өркендеуіне үлес қосқан азаматтардың бейнелері сомдалды. Сонан соң озат еңбек ұжымдары мен еңбек адамдары бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Түстен кейін Салтанат сарайында ғылыми-танымдық конференция өткізіліп, ауданның 90 жылдық тарихын қамтитын «Шежірелі Шиелі» кітабының тұсаукесері өткізілді. Журналист Ақайдар Ысымов жетекшілік еткен редколлегия мүшелерінің танымдық-тарихи туындыны мазмұнды әзірлегеніне жұртшылық ризашылық білдірді.

2-бет

Májilis

МАМАН ДАЯРЛАУДЫҢ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕРІ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалық етуімен Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті байқау кеңесінің кезекті мәжілісі өтті.

Назерке САНИЯЗОВА.

Алдымен, 2018-2019 оқу жылына оқуға студенттер қабылдау қорытындысы туралы университет ректоры Қылышбай Бисенов мәлімдеді. 18-26 шілде аралығында Ұлттық бірыңғай және кешенді тестілеу кезінде 50-ден жоғары балл жинаған талапкерлер мемлекеттік білім беру грантын айқындайтын конкурсқа қатысуға ынта білдірді. Аталған білім ордасының қабылдау комиссиясына құжат тапсырған 3651 талапкердің 2485-і мемлекеттік білім беру тапсырысын иеленді. Соның 247-сі немесе 17%-і ғана университет мамандықтары бойынша оқуға қабылданды.

– Бұл талапкерлердің бізді таңдамайтынынан емес, мемлекеттік тапсырысты орналастыру ережесіне байланысты. Себебі жыл сайын білім гранттары педагогикалық бағыт бойынша және мақсатты түрде бейінді жоғары оқу орындарына бөлініп, ол оқу орындарына талапкерлер төмен балмен білім гранты бойынша түсті, – деді Қ.Бисенов.

Осы орайда байқау кеңесі Білім және ғылым министрлігіне «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау» туралы заңға сәйкес университетке 2019-2020 оқу жылында мақсатты түрде 500 мемлекеттік білім грантын бөлуді сұрап, хат жолдауға уағдаласты.

10-25 тамыз аралығында мемлекеттік білім беру тапсырысы және ақылы негізде күндізгі оқу бөліміне – 1109, сырттай жеделдетілген оқу бөліміне 683 талапкер ақылы негізде оқуға қабылданды. Өткен жылмен салыстырғанда, биыл оқуға қабылданғандар саны 945-ке артық. Университет басшылығы студенттер контингентін одан әрі арттыруды басты міндет санайды.

Хабарламашы магистратура мен докторантураға қабылдау көрсеткішімен де таныстырды.

– Қабылдау комиссиясы магистратураның 30 мамандығы бойынша 1 шілде-20 тамыз аралығында магистратураға түсушілерден құжат және емтихан қабылдады. Сынақ нәтижесінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша – 132, ақылы негізде 127 магистрант қабылданды. Докторантураға 8 мамандық бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде – 20, ақылы негізде 1 талапкер түсті, – деді ол.

Одан кейін алдағы университеттің үш жылға арналған даму бағдарламасы таныстырылып, оқу орнының «шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын» мәртебесін «коммерциялық емес акционерлік қоғам» мәртебесіне көшіру жөніндегі ұсыныс талқыланды.

Аймақ басшысы адами капиталдың маңызы артып, білім төрге озған заманда саннан гөрі сапаға баса мән берілетінін жеткізді. Сонымен қатар, мемлекеттік білім гранттары еңбек нарығындағы жағдай ескеріле отырып бөлінуі тиіс екенін қаперге салды.

– Университет ұжымының назарын бірнеше мәселеге аударғым келеді. Біріншіден, оқытушылық құрамның ғылыми әлеуетін арттыруға ерекше көңіл бөлінуі керек. Екіншісі – үштілділік. Студенттер орыс және ағылшын тілдерін игерместен оқу орнын бітіріп шығады. Бұл олардың таным көкжиегін тарылтып, сұраныска сай келмейтін мамандар қатарын көбейтеді. Үшіншіден, жастарды жаңа мамандықтарға баулу өте маңызды. Облыста, мысалы, туризм саласының маманын таппайсың. Сонымен қатар, университет корпустарын Wi-Fi интернет желісімен қамту қажет. Қазіргі күні студенттер түгілі, оқытушылар осы мүмкіндікті пайдалана алмай отыр, – деді облыс әкімі.

Jańa nysan

БАЛЫҚ ӨҢДЕП, ҚАЙЫҚ ЖАСАЙДЫ

Балық шаруашылығы аймақ экономикасының негізгі салаларының біріне айналды. САРАТС жобасының алғашқы кезеңінің нәтижесінде тұралап қалған байырғы кәсіп қайта жанданып, бүгінде халықтың әл-ауқатын, өңірдің экономикалық жағдайын елеулі жақсарта түсті.

Өткен жылы су маржандарын өндіру 8,7 тоннаға дейін жетіп, оның ауқымды бөлігі өңдеу зауыттарында өңделді. Бұл кезеңде 3410 тонна балық өнімдері экспортталса, оның ішінде ТМД және Еуропа елдерінің нарығына шығарылғанын айта кеткен жөн. Дания, Германия, Польша, Голландия мемлекеттерінде Арал балығы үлкен сұраныспен пайдаланылады.

Соңғы уақытта бағалы өнім Қытай еліне де экспорттала бастады. Балық өңдеу зауыттарының барлығы дерлік еуропалық сапа талаптарына жауап береді. Экспортқа көксерке сүбесі, қатырылған және тоңазытылған торта, табан балықтар шығарылып келеді.

Бүгінгі таңда салада жалпы саны 3 мыңдай адам еңбекпен қамтылса, өңдеу зауыттарында 500-дей адам жұмыс істейді. Саланы тұрақты дамыту бойынша облыста 10 тауарлы балық өсіру шаруашылықтары іске қосылды. Оларда тұқы тектес және өсімдік коректі балықтар өсірілуде. Тоғандап балық өсіру – болашақта табысты салаға айналатынына сенім мол.

Биыл Арал қаласының индустриялық аймағында «Қазақстан Аквакультура ЛТД» ЖШС-ның «Балықты тереңдеп өңдеу және пластикалық қайық жасау» цехының жобасы жүзеге асырылуда. Аталған нысан жыл аяғына дейін іске қосылады. Кәсіпорын директоры Т.Көбесовтың мәліметінше, жобаның жалпы құны 160 млн теңгені құрайды.

Жаңа зауыт толық қуатында жұмыс жасағанда жылына 4000 тонна балық және 50 қайық шығаруға мүмкіндігі бар. Бүгінде жобаның филе шығару, балықты қатырып мұздату цехының және әкімшілік ғимараттарының құрылыстары аяқталуға жақын. Жаңа кәсіпорында 30-40 жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Жобаның тағы бір жаңалығы, қайық құрастыру цехын салу жоспарланған. Бұл балықшылардың кәсібін өз деңгейінде атқаруға мүмкіндік беретін саланың қазіргі мұқтаж тірліктерінің бірі.

Сөйтіп, жаңа зауыт балық өңдеп, қайық жасап шығармақ.

Ж.ӘБІШОВ.

ҚОРҚЫТ ЕЛІ – ҚҰНДЫЛЫҚТАР БАСТАУЫ

Қасиетті қос тұғыр

Осыдан бірнеше жыл бұрын ұлт руханиятының қабырғалы қайраткерлері Акселеу Сейдімбек пен Қойшығара Салғараев тың тұжырымдама жасады. Ел ертеңіне аландаған азаматтар «Менің Отаным – Қазақстан» сериясы бойынша өлкетану кітаптарын шығаруға ұсыныс білдіріп, ауқымды жобаны қолға алады. Мақсат белгілі, Батыстың баласына шығыстың тарихын ұғындыру. Шығыс тұрғынына Батыстың бай мұрасын таныстыру. Бұл – ұрпақ ұлт тарихын ұмытпау үшін жасалған игі іс. Бүгінге дейін осы серия бойынша облыс аумағындағы 4 аудан туралы кітап жарық көрген.

Ал Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың тарихшы, әдебиетші бір топ ғалымдары Қармақшы ауданы туралы кітап жазуды өткен жылы бастаған. Айта кетерлігі, осы серия бойынша кітаптар 4 негізгі бөлімнен құралады. Кітап мазмұны ежелгі, орта ғасырдағы, кеңес заманындағы және тәуелсіздік жылдарындағы тарихты қамтиды. Ал, «Қармақшы» кітабының бөлім саны – бесеу. «Өйткені, аудан аумағындағы Қорқыт бабамыздың кешені және Байқоңыр ғарыш айлағы тек облыстың ғана емес, бүкіл қазақ елінің ұлттық бренді. Сондықтан «Қасиетті қос тұғыр» деген атаумен осы бөлімді кітапқа қостық» дейді кітап авторы Бағдат Кәрібозұлы.

Ежелгі мәдениет дәлелі – Шірік-Рабат

Біздің елдегі ең алғашқы мәдениеттің бірі Сыр бойында қалыптасқан. Оның айқын дәлелі ежелгі астана, сақтардың ордасы – Қармақшы топырағындағы Шірік-Рабат шаһары. «Соңғы зерттеулер нәтижесі осы сөзіміздің айғағы» дейді тарих ғылымдарының кандидаты Әзілхан Тәжекеев.

– Шірік-Рабат қаласы б.з.б. IV-II ғасырлармен б.з. X-XIII ғасырларға дейін өмір сүрген сақтардың астанасы болған. Бұл қала бүкіл Еуразия құрлығындағы алғашқы қалалардың бірі саналады. Ортағасырдың алғашқы кезеңдеріндегі қалалық мәдениет деп Отырар оазисін айтып келгенбіз. Соңғы қазба жұмыстары одан 500 жыл бұрын Сырдың бойында Шірік-Рабат мәдениеті қалыптасқандығын дәлелдеді. Қазір бүкіл Еуразия археологтары ғылыми тұжырымдамаларымызды қолдап, еңбектерінде сілтеме жасайтын болды. Шірік-Рабаттың үлкен үш орталығы бар: Бәбішмола, халық оны Қосқала деп кеткен, онан кейін Шірік-Рабат, Баланды. Ерекше айта кетер жайт, осы үш қаланың маңайында жерлеу құрылыстары ғибадатхана, тіпті мавзолей ретінде салынған. Сондай-ақ, үш кешеннің арасын жалғап жатқан 200-ге жуық ауыл бар. Бұл ауылдардың барлығы егіншілікпен айналысқан және маңайды әскери гарнизондар қоршап тұрған. Бүгінде Байқоңырдың төменгі жағындағы Алыптың қорғанын барша жұрт біледі. Бұл – Шірік-Рабат халқын Батыс Қазақстан Үстірт аймағындағы сарматтардан қорғайтын бірінші гарнизон. Шірік-Рабаттың оңтүстік-батыс жағындағы Әмударияның бойында жаудан қорғану үшін екінші гарнизон тұрғызылған. Демек, бұл жерде тұтастай бір мемлекеттің тарихы жатыр, – деді ол.

Жыраулық өнер ұлт тарихының жәдігері

Конференцияда жырау Алмас Алматов мыңжылдықтардан қалған мұра мен бұл өнердің философиялық өлшемін Сыр бойындағы жыраулық дәстүрдің мұрагер ұрпақтары жалғап отырғанын атап өтті.

– Сыр бойындағы жыраулық өнер орындаушылық деңгейден рухани ағартушылық факторға айналды. Мұның дәлелі Сыр елінде ұлттық өнерді асқақтатып, дәріптейтін оқу орнын ашуға болады. Жуырда Моңғолияның Ұлан Батыр қаласында өткен «Дүниежүзінің эпосы және «Жаңғыр» атты конференцияға қатыстым. «Жаңғыр» – моңғолдардың XIII ғасырда жазылған жыры. Бар көлемі 14 мың жол және жырды бұдан артық ұзартып, дамытуға болмайды дейді ғалымдары. Ал біз «қазақ даласында 550-ден астам жыр-дастан бар. Ол миллиондаған жол жыр мұрасы және күні бүгінге дейін ақын-жыраулар бабаларын дастан күйінде жырлап, ұлттық өнерді жалғастырып отыр» дедік. Сондай-ақ, 15 мың жолдық «Шыңғыснама» дастанын, 25 сағаттық жыр дискіні табыстадық. Сонда моңғолдың ғалымы «қазақтың жырауы 15 мың жолдық Шыңғыс дәуірін жырлап кетіпті, ал біз оны мемлекет болып қолға ала алмай отырмыз» деген еді. Демек, жыраулар – қазақ тарихының тірі жәдігері. Аймақ басшысы бастамашы болған дәстүрлі академия рухани жаңғырудың табысты жолы болмақ, – деді ол.

Мұнан кейін жыр жампоздары жиылған жыраулар фестивалі мен республикалық ақындар айтысы өтіп, көкіректен сөз төресі төгілді. Ауданның 90 жылдығы мен Тұрымбет жырау Салқынбайұлының 150 жылдығына арналған сөз барымтасына 10 ақын қатысып, бақ сынады. Жырау Алмас Алматов бастаған қазылар алқасының шешімімен қызылордалық айтыскер Мұхтар Ниязов бас жүлдеге тігілген жеңіл автокөлікті жеңіп алды. Қармақшылық Сырым Әділбек бірінші, тараздық Аруна Керімбек екінші, оралдық Эльдар Ихсанов үшінші орынға ие болды.

Мерейтойда аудан тұрғындарының бір бөлігі денешынықтыру-сауықтыру кешенінде ұлттық спорт ойындарынан ұйымдастырылған сайысты тамашалады. Спорттың қол күрес, гір көтеру, түйе палуан сынды үш түрінен өткен жарысқа 70-ке жуық спортшы қатысты. Ұлттық спорт түрінде бабы мен бағы келіскен азаматтар аудан әкімдігінің дипломдарымен, қаржылай сыйлықтарымен марапатталды.

Ал Жосалы кентіндегі ипподромда ұлттық ат спорты жарысы өтті. Сайын даланы дүбірлеткен жүйріктердің ұзын саны отызға жуық. Бәйгеге Қызылорда, Тараз, Шиелі, Арал, Сырдария, Жалағаштың сәйгүліктері қатыстырылды. Аламан бәйгеде қызылордалық Ақтай Әділетұлының аты озса, құнан бәйгеде шиелілік шабандоз Талғат Ғанидың жүйрігі мәре сызығын бірінші қиып өтті. Ел қуанышын еселеген бұл күні Ш.Төлепов атындағы аудандық мәдениет үйінде Иран-Ғайыптың «Қорқыттың көрі» спектаклі сахналанып, мерейтой кеші «Қасиетті Қармақшым» гала-концертіне жалғасты.

1-бет.

Joldaýǵa – qoldaý

БАҒДАРЛАМА ЖАҢА МАЗМҰНДА ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауы бұған дейінгі мемлекеттік бағдарламаларды одан әрі дамытуды көздейді. Осы уақытқа дейінгі жүзеге асырылған «Нұрлы жол», «Нұрлы жер», «Жол картасы-2020», «Рухани жаңғыру», «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» мемлекеттік бағдарламалары аз уақыттың ішінде өз нәтижесін берді. Ендігі міндет – табысты елге айналу.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы ең алдымен қоғамдық сананың өзгерісіне бағытталған. Өз Отанын, туған жерін дамытуға жанашырлықпен үлес қосатын азаматтардың қатарын көбейту – біздің басты мақсатымыз. Бүгінгі Жолдауда елімізді дамытудың барлық салалары бойынша нақты тапсырмалар берілді. Мәселен, Жастар жылы, «Ауыл – ел бесігі», «Өз жеріңді танып, біл!», мектептерде әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарын дамыту жобалары «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мақсат-міндеттерімен үндесіп жатыр.

Алдағы уақытта жаңа жобалар, өзгеше форматтағы шараларды жоспарлауды қолға аламыз. Бұл бағыттағы жұмыстарды қазірден бастап кеттік. Жаңа ғимаратта орналасқан орталық мазмұнды әрі нәтижелі істердің ұйытқысы болмақ.

«Туған жер», «Тәрбие және білім», «Рухани қазына», «Атамекен» кіші бағдарламалары аясында жастардың бәсекелік қабілетін арттыру, туған жерді түлету, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу, ішкі және сыртқы туризмді дамыту, мұғалім мәртебесін көтеруге байланысты жобалар іске асырылып келеді. Келешекте бұл бастамалар нақты жоспар бойынша орындалмақ.

Елбасы Жолдауында білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларының қызмет көрсету сапасын жақсарту, кәсіби білікті мамандармен қамтамасыз ету міндеттерін орындауды тапсырды. Мектепке дейінгі білім беру, орта білім беру сапасын жақсарту, ЖОО бітірушілерінің жұмысқа орналасуына байланысты көрсеткіштерін айқындау нақты нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.

Кәсіпкерлікті қолдау, аграрлық сектор мен жеңіл өнеркәсіпті жетілдіру мемлекеттің бәсекелік қабілетін арттырады. Елімізде жүзеге асырылып жатқан реформалар мен стратегиялық құжаттардың орындалу барысы мен нәтижесіне Ұлттық жаңғыру офисі мониторинг жасап отырады. Саннан – сапаға, сөзден іске көшетін уақыт келді.

Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттік қызметкерден бастап әрбір азамат елдің дамуына сапалы қызмет көрсетсе, нағыз табысты мемлекетке айналарымыз сөзсіз.

Гүлмира ӘШІРБЕКОВА,
облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім басшысы.

Brıfıng

ЗАҢДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР САПАНЫ ЖАҚСАРТАДЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен онлайн-конференцияда облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Жанзира Ерсейітова жиынға қатысушыларды саладағы заңға енгізілген өзгерістер бойынша хабардар етіп, олардың қойған сауалдарына жауап берді.

Ғазиза ӘБІЛДА.

Басқарма басшысының айтуынша, 2014 жылы республикада алғашқылардың бірі болып құрылған облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасы бүгінде біртұтас мемлекеттік саясатты жүзеге асырып отыр. Айталық, басқарма құрылғалы бері 130 млрд 824 млн теңгенің 706 сатып алуы өткізіліп, жалпы соманың 4%-нің, яғни 5 млрд 839 млн теңгенің үнемделуіне қол жеткізілді. Ал соңғы екі жылдың көрсеткішіне көңіл бөлсек, 2017 жылы 46 млрд 272 млн теңгенің 246 сатып алуы өткізілсе, 2018 жылдың 9 айында бұл көлемнің 97%-і (239-39 млрд 365 млн) жүзеге асырылған. Сондай-ақ, тапсырыс берушілерге техникалық ерекшелік үлгілері, уәкілетті органдардан алынатын түсіндірмелер түріндегі методикалық көмек көрсетіліп, кураторлық шеңберінде басқарма қызметкерлері 1 млрд 276 млн теңгенің 132 конкурсының комиссияларына мүшелік еткен.

– 2016 жылдың 1 қаңтарынан қолданыстағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңына 15 рет, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 10 мәрте енгізілген өзгерістер мамандардан үнемі ізденісті талап етіп отыр. Бұл ретте, 2019 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енетін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 3 ұсынысымыз енді. Атап айтар болсақ, заңға енгізілген өзгеріске сәйкес келешекте конкурсқа қатысуға жіберілген бір ғана үміткермен бір көзден алу арқылы шарт жасасу мүмкіндігі алынып тасталды. Сонымен қатар, кәсіпкердің еңбек ресурстарын тиісті қызметкердің жинақталған зейнетақы қорлары негізінде анықтау және жұмыс тәжірибесін есептеу бөлігінде қажетті өзгерістер орын алған. Мәселен, осыған дейін заңнамадағы жұмыс тәжірибесін есептеудегі бірыңғай жүйенің болмауы конкурстық комиссия жұмысына қиындықтар келтіріп, уәкілетті органның заң бұзушылық деп тануына әкелетін. Енді мұндай жағдайлар болмайды, – дейді ол.

Жалпы, заңдылықта орын алатын өзгеріске қатысты таныстыру-түсіндіру шараларын жүргізу алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

Қоғамдық қабылдау өтеді

«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының ғимаратында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика вице-министрі Ерғалиев Әсет Арманұлы 2018 жылдың 17 қазаны күні сағат 17.00-ден 18.00-ге дейін азаматтарды қоғамдық қабылдау өткізеді.

ШЫРАЙЛЫ ӨҢІРДЕГІ ТОЙ ШАПАҒЫ

Алтын күз мерекесі барысында ауданның бірқатар ауылдық округтерінде әлеуметтік нысандар пайдалануға берілді. Олардың қатарында Бидайкөл ауылдық округіндегі «Бастау» денешынықтыру-сауықтыру кешенін айтуға болады. Аталған ғимарат кәсіпкер Ғалым Ерекеевтің қаржысымен бой көтеріп, жастарымыздың су спортымен шұғылдануына зор мүмкіндік туғызып отырғандығын айтқан жөн. Сондай-ақ, Ыбырай Жақаев ауылындағы №149 орта мектепке ардагер ұстаз, майдангер Әлиақбар Монтаевтың есімі беріліп, ғылыми конференция өткізілді.

Тойға жиналған көпшілік айтыс ақындарының сайысына назар аударысты. «Асылдар туған, шежіре тұнған – Шиелі» деп аталған жыр сайысында Алаш ардақтысы Мұстафа Шоқай, жыр дүлдүлі Нартай Бекежанов, дала академигі Ыбырай Жақаев бастаған алыптардың ел үшін еткен еңбегі терең мәнде айтылды. Айтысқа қатысқан 5 жұп ақын сөзбен маржан төгіп, жұртшылықтың көңілін өсірді.

Кешке мәдениет саласы майталмандарының қатысуымен концерт берілді.

1-бет.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Шиелі ауданы.

Másele

ҚОЛЖЕТІМДІ БАСПАНА – ҚОҒАМ ИГІЛІГІ

Өткен сенбіде «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалында облыс әкімінің орынбасары Серік Сүлейменовтің қатысуымен «Нұрлы жер» бағдарламасының орындалу барысына арналған брифинг өтті.

Шынар БЕКБАН.

Тұрғындар тарапынан мемлекеттік бағдарлама бойынша тұрғын үй сатып алуға қатысты сауалдар жетерлік. Мәселен, арендалық пәтерді қай санаттағылар ала алады? Несиелік тұрғын үйге өтініш беру тәртібі қандай? Жеке тұрғын үй құрылысына қалай жер алуға болады? «7-20-25» бағдарламасымен пәтер сатып алу үшін жалақы мөлшері қандай болуы керек? Осы және басқа да сұрақтарға мамандар жауап берді.

Бүгінде тұрғын үй кезегінде 27 мың адам тұр, оның 23 мыңы Қызылорда қаласының тұрғындары. Облыс әкімінің орынбасары әлеуметтік осал топты қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында бастапқы төлемсіз тұрғын үй алуға мүмкіндік беретін «Орда» тұрғын үй құрылысының «Жол картасы» әзірленгенін атап өтті.

– Несиелік тұрғын үйдің көпбалалы отбасылар, мүмкіндігі шектеулі аз қамтылған топтарының барлығына бірдей қолжетімді еместігін ескеріп, «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында салынып жатқан несиелік тұрғын үйлерді жергілікті бюджет есебінен сатып алуға жыл сайын облыстық бюджеттен 2 млрд теңгеден бөлу туралы шешім қабылданды. Қызылорда қаласының сол жағалауынан 18 көпқабатты тұрғын үй жеке инвесторлар есебінен салынып жатыр. 14 үйдің 4 және 5-ші қабаттарында 248 пәтер «Орда» бағдарламасына қатысады. Жергілікті атқарушы органдар жеке инвесторлардан осы пәтерлерді сатып алады. Тұрғын үйге мұқтаж отбасылар және осы бағдарламаға қатысушылар «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-да депозит ашу керек. Біздің мақсатымыз – өңірдегі әлеуметтік осал топтағы отбасылар үшін тұрғын үйді қолжетімді ету, – деді С.Сүлейменов.

Ипотекалық бағдарламалар барлығына бірдей қолжетімді емес. Сондықтан олар аталған бағдарлама арқылы тұрғын үймен қамтамасыз етіледі.

Бағдарлама шарттарына сәйкес, көпбалалы және толық емес отбасы, мүмкіндігі шектеулі жандар немесе мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеуші отбасы, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, 1,2 топтағы мүгедектер, ораллмандар, мемлекеттік қызметшілер және 35 жасқа дейінгі екі жыл некеде тұрған жас отбасылар бастапқы төлемсіз қатыса алады.

Өңірде «Нұр Отан» партиясының бастауымен бюджеттік сала қызметкерлеріне арналған «Қамқор баспана» және жас отбасыларға арналған «Жас арман» жобалары қолға алынды. Бұл бағытта аталған 20 процеттің 10%-і облыстық бюджеттен ұзақ мерзімге, көмек ретінде беріледі.

«7-20-25» бағдарламасы бойынша өңірде екінші деңгейлі сегіз банк жұмыс істейді, оның жетеуі Қызылордада. Ипотекалық баспана тек жаңадан салынған үйден беріледі. Несие өсімінің мөлшерлемесі ешқандай комиссиясыз жылына 7 процентті құрайды. Бастапқы жарна – 20 процентпен, 25 жылға дейін беріледі. Ең бастысы, сатып алушының басында жеке үйі және ипотекалық несиесі болмауы шарт. Сондай-ақ, тұрақты табысы болуы керек. Мәселен, 10 миллион теңгелік несиені алатын болсаңыз, алғашқы жарнасы – 20 процент, яғни 2 миллион теңгені құрайды. 8 миллион теңгені 25 жылға шаққанда, ай сайынғы төлемі 56 мың теңгеге жуық болып шығады.

Сатып алынған тұрғын үйдің ең жоғарғы құны аймаққа байланысты. Мәселен, Астана, Алматы, Ақтау, Атырау қалалары бойынша 25 млн теңгеге дейін, ал басқа өңірлерде 15 млн.

Жиынға қатысушылар тарапынан «Баспана Хит» жаңа тұрғын үй бағдарламасына қатысты сауалдар қойылды.

– «7-20-25» бағдарламасы бойынша тек бірінші тұрғын үй нарығындағы, яғни жаңа баспана сатып алуға болады. «Баспана» компаниясы осы ретте «7-20-25» бағдарламасынан бөлек, екінші тұрғын үй нарығындағы баспананы несиелеуге бағытталған «Баспана хит» бағдарламасын жүзеге асыруда. Несие мерзімі – 15 жылға дейін, проценттік мөлшерлемесі 10,75 процентті құрайды. Бастапқы жарна баспана бағасының 20 процентінен басталады, – деді облыс әкімінің орынбасары Серік Сүлейменов.

Айта кету керек, «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2018 жылы тұрғын үй құрылысына 14 млрд теңге қаралған, оның 6,1 млрд теңгесі тұрғын үй құрылысына, 7,9 млрд теңге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымының 50 жобасына бөлінді. Облыс бойынша 1747 пәтерге арналған 69 үйдің құрылысы жүргізілуде.

ЖОБА

«Қызылорда облысының аумағында орналасқан террористік тұрғыдан осал объектілерінің тізбесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 6 қарашадағы № 930 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қызылорда облысының аумағында орналасқан террористік тұрғыдан осал объектілерінің тізбесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 6 қарашадағы № 930 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 6038 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 4 желтоқсанда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қызылорда облысының аумағында орналасқан террористік тұрғыдан осал объектілерінің тізбесі (қызмет бабында пайдалану үшін) осы қаулының қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.Ж.Сүлейменовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Қ.Көшербаев.

КЕЛІСІЛДІ
«Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаменті» мемлекеттік мекемесінің бастығы
_____ М.Баймағамбетов
2018 жылы «___» _____

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының Ішкі істер департаменті» мемлекеттік мекемесінің бастығы
_____ Қ.Мұхитов
2018 жылы «___» _____

Ұлт мұраты... Осы бір ауыз сөзде қаншама терең мағына жатыр десеңізші?! Сағат сайын емес, сәт сайын құбылып, өзгеріп жатқан уақыт белесінде ұлтымызды ұйыстырып, елдігімізді бүтіндейтін, өз мүддесінен ұлт мұратын жоғары қоя білетін тау тұлғалы ұлт жанашырлары қай заманда да болған. Саналы ғұмырын елді оқу-ағарту, ғылым-білімін дәйектеу, ұлтымыздың өзіндік болмысын танытуға арнаған сондай тұлғалардың бірі бүгінде сексеннің сеңгіріне шығып отырған, қазақ ұлттық фонетикасының негізін қалаушы және қазақ әліпбиі жаңа жобасының авторы, филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбек.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ҰЛТ МҰРАТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰСТАЗ

Жаны жайсаң, көңілі жаз, бала мінезді ағамыз мерейлі сексен жасқа елді марқайтар жетістіктерімен жетіп отыр. Қабырғалы қазақ жұртының ұлы ағартушы-ғалымы, тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлы бастаған ұлы көшті жалғастырушы, қазақ ұлттық фонетикасы және қазақ просодологиясы ғылымының негізін қалаушы ғалым Ә.Жүнісбек өзіндік ғылыми-зерттеу мектебін қалыптастырды. Атап айтқанда, ғалымның қазақ тілінің дыбыстық құрамы мен жүйесі, оны оқыту әдістемесіне арналған ғылыми монографиялары, оқулықтары мен оқу құралдары, жазба мұраттардың фонетикалық талданымы, сөздіктер мен әдістемелік нұсқаулықтары жарық көрді. Қазіргі қазақ тіл білімі ғылымының даму үрдісінің теориялық-әдіснамалық және оқу-практикалық талаптарына сай құрастырылған «Қазақ грамматикасы» басылымының «Фонетика. Фонология» бөлімдерін ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеді.

Профессор, ф.ғ.д. Ә.Жүнісбектің еңбектерінде әлем тілдері қауымдастығындағы қазақ тілінің өзіндік орны мен маңызын бағамдау мақсатында әлем тілдерінің туыстық жіктелім белгілеріне ғылыми-теориялық тұрғыдан талдау жасалды. Соның нәтижесінде қазақ тілінің өзіндік заңдылықтарының басы ашылып, соған лайық ғылыми-теориялық және оқу-практикалық аппарат қалыптасты. Сөйтіп қазақ тілтанымына негіз болып келген үстем тілдер теориясынан арылу арқылы тілдің ақиқат дыбыстық құрамы мен жүйесін төл теория тұрғысынан анықтаудың мүмкіндігі туды. Автор ұсынған бағыттағы ең басты мақсат жалпы түркі тілтанымындағы сөздік екпін теориясынан арылу идеясы болды. Өйткені, сөздік екпін теориясының үстемдігі түркі (қазақ) сөзінің үндесім табиғатын жоққа шығаруға әкеп соқтырды. Зерттеу еңбектерінде қазақ (түркі) фонетикасындағы жалпы фонетикалық құбылыстар дұрыс сипатталғанымен, ғылыми аппарат пен зерттеу әдісі нақтыланбағандықтан, түркі тілдеріне тән бірегей белгілер зерттеушілер назарына ілінбей келді. Төркіні бөлек теориялық пайымдаулардың нәтижесі туыстығы бөлек тілдердің ішкі заңдылықтарымен үйлесім таппады. Алынған нәтижелер төл құбылыстарды жаңсақ, біржақты түсіндіріп келді.

Қазақ қоғамының саяси және тарихи даму үдерістерінің талаптарына сәйкес зерттеу жұмыстарының теориялық және практикалық ұстанымдары өзгеріп отырды. Бірнеше тарихи дәуірлерді басынан өткерген қазақ фонетикасы ғылымына да миссионерлік саясаттың салқыны тимей қоймады. Ғылыми-зерттеу әдісі ретінде европалық тілдер фонетикасының теориясы жаппай тарап, зерттеушілер батыс тілтанымын басшылыққа алды. Соның нәтижесінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің зерттеу әдісі ретінде «европа-өзімшіл» (европоцентризм) талданым әдісі кеңінен қолданылды. Зерттеушілер қазақ тілінің дыбыс құрамын үнді-европа тілдерінің фонема жүйесіне салып, қазақ фонетикасына фонема ұғымын ендіріп, атауын орнықтырды.

Кірме әріптердің жазылымын реттейтін отыздан аса жаңа ереже орынсыз қосылды. Екпін-фонемалық фонетика (акцентно-фонемная фонетика) зерттелім жүйесіне сәйкес қазақ тілінің дыбыс жүйесін түгелдей фонема мен сөздік екпінге телігендіктен, қазақ тілінің морфема, буын және тасымал желісіне, ең бастысы, қазақ сөзінің айтылым әуезіне нұқсан келтірді.

Қазақ фонетикасының түрлі бағыттары бойынша профессор Ә.Жүнісбектің мектебі қалыптасып, ғалымның шәкірттері қазақ тілі дыбыстарының үндесім және үйлесім фонетикасы, тарихи фонетика, салыстырма фонетика, әуен (интонация) фонетика, қолданба фонетика салалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қазақ тілінің іргелі заңдылығы – үндесім (сингармонизм) құбылысы зерттеу амалының негізіне айналды. Соның нәтижесінде қазақ тіліндегі екпін мен фонемаға деген көзқарас өзгерді, үндесімнің жуан/жіңішке әуезі мен еріндік/езулік әуезі фонологиялық мәртебесі тең бірліктер ретінде қарастырылды. Қазақ тілі дыбыстарының әліпби құрамының сыртында олардың үндесім және үйлесім белгілерінің құрамы анықталды. Жасалым (артикуляциялық) фонетикаға зерттелімнің негізі ретінде көңіл бөлініп, қазақ тілі дыбыстарының артикуляциялық базасының моделі ұсынылды. Қазақ тіліндегі кірме әріптердің дыбыс құрамының басы ашылып, айтылымы (орфоэпиясы) тиянақталды. Қазақ фонологиясы үндесім құбылысы екендігі дәлелденіп, фонологиялық талдау жұмыстары үндесім (сингармонизм) заңына лайық жүргізілді. Қазақ фонологиясының ақиқат табиғаты зерделеніп, қазақ тілі дыбыстары үндесім заңы тұрғысынан өз алдына дербес талданды. Осындай кешенді талдаулар нәтижесінде қазақ тілінің дыбыс құрамы мен жүйесі жайлы жан-жақты және толық ғылыми түсінік пен ғылыми аппарат қалыптасты.

Бүгінде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен латын қарпіне көшудің бірнеше қажеттіліктері айқындалып, маңызды реформаның алғышарттары жасалуда. Дегенмен, «болашақ ел тағдырымен, тарихымен өзектесіп жатқан міндетті жүзеге асыруда кемшілік пен қателікке ұрынбаудың жолы қандай?» деген сауал әркайсысымызға ой салады. Латын қарпіне көшуді негізгі үш бағытта – мемлекеттік, ұлттық және мәдени саясаттың деңгейінде жүргізу қажет. Бұл үш бағыт латын әліпбиіне көшудің негізі бола отырып, оның мәселелерін кеңінен қамтуға мүмкіндік береді.

Латын қарпіне көшудің ғылыми-әдістемелік негізін ұсынушы А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты ғалымдарының алғашқы сапында профессор Ә.Жүнісбектің орны ерекше деп есептейміз. Өз ұлтымыз бен латын қарпіне көшкен көрші елдердің тәжірибесін мұқият зерттеу және зерделеу арқылы ғана сауатты әрі тиімді жазу жүйесіне көше алмақпыз. Профессор Ә.Жүнісбек – осындай қыруар зерттеулер нәтижесінде қолданыстағы әліпбиге қатысты кейбір олқылықтарға назар аудара келіп, үндесім құбылысына негізделген қазақ тілінің ұлттық әліпбиін ұсынған авторлардың бірегейі.

Ғалымның пікірінше, жазу реформасының (тек әліпби ауыстыру емес) мерзімі алдын ала дайындыққа байланысты болады: мақсаты мен мазмұны айқын болу керек. Мақсаты – қазақ әліпбиін ұлттық үлгіге түсіру, мазмұны – қазақ сөзінің айтылым-жазылым үйлесімін орнықтыру.

Ұлттық және мәдени саясатты нақтылайтын, қоғамдық қажеттілік пен ұлттық мүддені үйлестіретін мемлекеттік деңгейдегі латын қарпіне көшу ісінде ғана емес, қазақ тілінің ұлттық болмысын шынайы қалпында сақтап қалуға атсалысып жүрген, ғылым және білім беру ісінің майталманы, қазақ тіл білімінде ғана емес, бүтін түркі әлемі тілтанымында өзіндік орны бар ағамызды мерейлі жасымен құттықтап, мықты денсаулық, шығармашылық табыс тілейміз. Жасай беріңіз, Алаштың абзал азаматы!

Жанар ИСАЕВА,
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы облыс бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы, ф.ғ.к.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: ***70-00-49, 70-00-52*** *телефондары арқылы байланысуға болады.*
E-mail: smjarnama@mail.ru

Densaýlyq



Қазір облыстық медициналық орталықтың Байқоңыр қаласы бойынша филиалы жақсы жұмыс үстінде. Онда Байқоңыр қаласы мен оған жақын орналасқан елді мекендердің, Төретам кенті мен Ақай ауылының халқы ем қабылдай алады. Жуырда орталық директоры Қарасай Нұровпен аз-кем пікірлесудің сәті түскен еді.

ФИЛИАЛДЫҢ ПӘРМЕНІ АРТЫП КЕЛЕДІ

– Қарасай Ердешұлы, орталық қызметі туралы айтып берсеңіз...

– Қазіргі таңда 19576 адам тіркеуде тұр. Бізде 11 участок бар. Сондағы мамандардың көпшілігінің орны толықты. Тек қана кардиолог пен окулист жетіспегендіктен мамандар Қызылордадан ОМО-дан келіп жұмыс істеп жатыр. Жақында медициналық тексеріс жұмысын өткіздік. Мұндай шара бізде бұрын-соңды болмаған. Әскери тексерістен де өткізу жоспарда болған еді, ондай жұмыстарды атқару үшін алдын ала жоғарыдан шешім қабылдап, келісім-шарттар жасалғанда ғана жүргізіледі екен. Сол себепті осы жылы айтулы науқанға араласа алмай қалдық. Болашақта мұны да қолға аламыз деп ойлаймын. Ақылы қызмет бөлімін де ашу ойда бар. Тіркелмеген қабылданушылар осы қызметке жүгінеді. Алдағы уақытта науқас адамдарға ыңғайлы болу үшін күндіз емханаға келіп күні бойы ем алып, кешке үйіне қайтатындай жағдай жасалатын бөлім ашылады. Желтоқсан, қаңтар айында хирургия, жансақтау бөлімі, оперблог та қосылады.

– Бұрындары Төретам кенті мен Ақай ауылының тұрғындары Қармақшы ауданына барып ем қабылдайтын. Қазіргі таңда бұл мәселені шешуде жаңадан ашылған филиал қандай қызмет жасап отыр?

– Портал арқылы Арал, Қазалы, Қармақшы аудандарының және Ақай, Төретам елді мекендерінің тұрғындары ем қабылдай алады. Облыстық медициналық орталық филиалында емхана ашылғанына, міне, 8 айдан асып барады. Қазіргі кезде біздің филиал заманауи медициналық техникалармен жабдықталған. Мамандарды әр жерден шақыртып, қаладағы әлеуметтік жағдайларына да көмектесіп келеміз. Сондай қажырлы еңбектің арқасында барлық бөлімдерде дәрігерлер толыққанды жұмыс жасауда. Ал Ақай, Төретам халқы бізге келіп тіркелсе, көмек ала алады.

– Кадрлардың білімі қай деңгейде?

– Әуелгі кезде 8 участок, соңынан 3-і ашылды. Жас мамандар жалтыраған дайын жерге келді. Сол мамандарды оқытып, үйреттік. Қазір олар жаңа құрылғымен қалай жұмыс істеу керектігіне дейін тәжірибиелері бар. Ал кейін келген жас мамандарды алдыңғы білікті дәрігерлер үйретіп жатыр. Әр күн сайын дәрігерлер не жұмыс атқарғандығы туралы есеп беріп отырады. Бұл жұмыстың сапалы әрі қарқынды болуына септігін тигізеді.

– Медициналық жабдықтарыңыздың мүмкіндігі қандай?

– Қазір рентгеніміз, лабораториямыз жұмыс істеп тұр. Атап айтсақ, УЗИ, эндоскопиялық және физио-ем аппараттары бар. Бұл дегеніміз – үлкен жұмыстың бастауы, қабырғаның қалануы. Екі айға жуық уақыт болды телемедицина іске қосылды. Ол облыстық денсаулық сақтау басқармасының жиналыстарына онлайн қатысу мүмкіндігін береді. Басшылар қашықтықта отырып-ақ басқара алады. Көптеген түйткілді мәселелердің шешімін осылай шешеміз деген үміттемін. Асқынған аурулар болады, ондай кезде телемедицинаға шығарып, облыстың бас дәрігерлерінен кеңес аламыз. Бір сөзбен айтқанда, осындағы халықтың денсаулығы үшін бұл үлкен еңбек. Облыс басшылығының табанды бастамаларына көпшілік риза. Біз үшін сапалы жұмыс – ең басты міндет. Сол үдеден шығуда қызмет етіп келеміз.

Думан КЕҢШІЛІК.
Байқоңыр қаласы.

Talqy

ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ

Латын әліпбиіне көшу – рухани жаңғырудың басты қадамы. Т.Жүргенов атындағы №136 мектеп-лицейде өткен дөңгелек үстел қатысушыларының ортақ пайымы осындай болды. Жиын барысында Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Аман Абасилов өзекті тақырыпқа қатысты ойымен бөлісті.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

– Елбасы латын әрпіне көшу жайына тоқталып, кириллицаның көптеген таңбаларының өзі осы әліпбиден алынғанын еске салды. Дүниежүзі халықтарының 80 проценті қолданатын латын әліпбиі қазақ тілінің бағын ашары сөзсіз. Тілді шұбарлауға сол арқылы нүкте қойыларына сенімдіміз. Тарихты парақтайтын болсақ, ол үш мың жыл бұрын қолданыла бастаған. Тәуелсіз Қазақстанның әлемнің келіссөз алаңына айналғанын жас ұрпақ көріп отыр. Олар халықаралық ортада тек латын әрпінің қолданылатындығына көз жеткізуде. Ұсынылған жоба қызылордалықтар арасында қызу қолдауға ие, – деді А.Мәделханұлы.

Уақытпен үндескен бастамаға байланысты филолог мамандар да пікір білдірді. Олар латын графикасына көшудің маңыздылығын, осы бағытта республикада, облыста атқарылып жатқан жұмыстарды баяндамасына арқау етті.

Суретті түсірген:
Н.НҰРЖАУБАЙ.

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында облыстық мемлекеттік архивінде «Мәңгілік елдің мәңгілік тілі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Шарада халықаралық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, республикалық «Тіл сақшысы» газетінің бас редакторы Сәдуақас Аңсат, филология ғылымдарының кандидаты, облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім басшысы Серікбай Қосанов, № 278 орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Оразкүл Өтембекова, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, облыстық «Сыр бойы» газетінің аға тілшісі Ғазиза Әбілда жоғары сынып оқушыларымен кездесіп, тақырып төңірегіндегі ойпікірлерін ортаға салды.

Айталық, мемлекеттік тілдің мәртебесін қалыптастыруда жас ұрпақтың тіл туралы танымдық деңгейін көтеру, сондай-ақ бүгінгі күннің басты тақырыбы – латын әліпбиіне көшу мәселесі, бұл орайда ана тіліміздің тек таңбалық немесе дыбыстық ерекшелігін ғана емес, күллі қадір-қасиетін сақтап қалу тұрғысында ауқымды сөз қозғалды.

Облыстық архив директоры Нағима Қуанышева шара қонақтарын архивтің күнделікті тыныс-тіршілігімен таныстырды. Оның айтуынша, мұнда 1890 жылдан бергі 182 мыңнан аса құжат сақталған. Ең алғаш 1938 жылы іргетасы қаланған мекемеге биыл 90 жыл толып отыр. Аймақ басшысының қолдауымен өткен жылы жаңа ғимаратқа орналасқан облыстық архивте құжаттарды сақтау жұмыстары сандық технологияға көшіріле бастаған.

«СБ» ақпарат.

ПЕЙІШТЕ НҰРЫҢ ШАЛҚЫСЫН

Адам баласына мәңгі өмір берілмеген. Кеше ғана арамызда жүрген ардақты әкеміз, немерелерінің сүйікті атасы, аяулы жар Әділбеков Асқар Қалиұлының бұл фәниден озғанына да қырық күннің жүзі болды.

Асқар Қалиұлы 1962 жылдың 17 қазанында Жаңақорған ауданы, Төменарық ауылында дүниеге келген. 1984 жылы Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда пединститутын бітіріп, физика және математика пәні мұғалімі мамандығын иеленген. Талай шәкіртті білім нәрімен сусындатып, қанаттандырып, үлкен өмірге жолдама берді. Одан бөлек ардақтымыз қалалық әкімдіктің әртүрлі саласында абыройлы қызмет атқарып, халықтың құрметіне, ыстық ықыласына бөленді. Үзілген өмір қабырғамызды қатты қайыстырды. Ағайын-туысына жанашыр, қамқор бола білген жанның жоқтығы жанымызды күйзелтті. Күннің нұрындай сәуле шашып, өзі жүрген ортасында сабырлы кейпінен айнымайтын аяулы жанымыз отбасымыздың берекесі еді. Шексіз қамқорлығымен жүрегімізге ұялаған жарқын бейнесі күн өткен сайын санамызға сағынышты қаттатып, асқақтап барады.

Алланың дегеніне қарсы келер кім бар? Оқылған дұға ардақтымыздың қабірін нұрландырып, жатқан жері жайлы, иманы жолдас болсын дейміз.

Асқар Қалиұлының қырқы осы жылдың 20 қазанында сағат 13.00-де Қызылорда қаласы, М.Шоқай көшесі №232 үйде орналасқан "BaiEr" (БайЕр) мейрамханасында болатынын барлық ағайын-туыс, құда-жекжат, жора-жолдас, қызметтес кісілерге хабарлай отырып, қасиетті құранның ішінде болуға шақырамыз.

Еске алушылар
ата-анасы, зайыбы, балалары.

Bastama

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында XXI ғасырдағы қазақ баласының санасын жаңғыртумен қатар білім деңгейін жетілдіру қажеттігін алға тартты. Білімін жетілдіру дегенде заман сұранысына сай мамандықтарды оқытуды баса айтты. Мемлекет басшысының халыққа Жолдауында да бұған аса маңыз берілді.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

Осы тапсырмалардан кейін «Нұр Отан» партиясы «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында жаңа жобаны қолға алды. Әр аймақтың мектептерінде жаппай IT сыныптары ашыла бастады. Сыр өңірінде де бұл бағыттағы жұмыс қарқынды жүргізілуде. Оқу пен шығынды үнемдейтін технологияға бағыттауды қолға алып отырмыз. Бүгінгі таңда STEM жүйесі бойынша IT және робототехника сыныбы қолданысқа берілді. Облыс мектептері арасында өткізілген «Үздік білім беру ұйымы» байқауынан жеңіп алған жасау да күн тәртібінен түспек емес. Қазір оқушыларға «Python Programming», «3D модельдеу және анимациялау», «Web программалау және сайт құру негіздері», «Си++ программалау тілі» бойынша арнайы курстар жұмыс жүргізеді. Нәтиже бар. Оқушылар түрлі сайыстардан жүлделі оралып жүр. Атап айтар болсақ, «RoboFest-2018» облыстық фестивалінің кегельринг-квадро категориясы бойынша Құрманғазы Әбдуәли мен Нұрбол Сансызбай секілді мектеп оқушылары III орынды иеленді. Жуырда облыстық

М.Әбдіхалықова, №3 IT-МЕКТЕР-LISEI директоры:

«БОЛАШАҚ – ТЫҢ ДҮНИЕЛЕРДІ МЕҢГЕРГЕНДЕР ҚОЛЫНДА»

ошақтары сандық технологияға ерекше ден қойған. Электронды кітап, интерактивті карта мен тақта, автоматтандырылған күнделік жүйесі секілді ресурстар білім сапасын арттыру тұрғысында пайдаланылып келеді. Тіпті, қаладағы №3-ші мектеп-лицей өңірдегі алғашқы инновациялық білім ұясына айналмақ. IT ілімді, робототехниканы дамытуды басты нысанаға алған мектеп-лицейдің материалдық-техникалық базасы ақпараттық технология бағытында жабдықталуда. Мұнда оқушының көпсалалы ғылымның тереңіне бойлап, оны зерттеп-зерделеуіне толық мүмкіндігі бар екен.

– Цифрландыруға қатысты маңызды міндеттерді іске асыруда облыс басшылығы белсенділік танытып отыр. Биыл облыс делегациясы Татарстан Республикасына жасаған сапарында Иннополис біртұтас экономикалық аймағымен бірлескен жоспарларды жүзеге асыруға арналған меморандумға қол қойды. Білім саласындағы ынтымақтастық Қазан Федералдық университеті жанындағы IT лицей, Иннополис және біздің білім ошағы арасында орнады. 10 қыркүйектен бастап оқу ордамыз ақпараттық технологиялар мектеп-лицейі болып белгіленді. Болашақ тың дүниелерді меңгергендердің қолында. Біз осыны ескере отырып, жас Цукерберг пен Стив Джобстарды ерте кезден уақыт 17 миллион теңге көлеміндегі грант қаражатын ақпараттық технологияны оқытуға арналған құралдарға жұмсадық. Ноутбук, 3D принтер, Smart каар электронды флипчарты алынды. Сонымен қатар облыстық білім басқармасымен бірлесе отырып, «IT жол картасы» дайындалып, 3D кабинеттер, цифрлық зертханалар, компьютерлер және тағы да басқа жабдықтар алу арнайы жоспарға енді, – деді мектеп-лицей директоры Меруерт Әбдіхалықова.

Меруерт Наушақызы оқушылар жаңадан ашылған сыныптарда ізденуге құштар екенін, олар тек жаңа технологиялармен танысып қоймай, роботты бағдарламалау, инновациялық технологияларды одан әрі игеруге икемделіп жатқанын айтады. Бірнеше рет аймақтық, республикалық олимпиадаларға қатысып, техникалық көрмелерде топ жарған өрендер көп.

– Бүгінгі болжам – ертеңгі ақиқат. Мәселен, Microsoft компаниясының негізін қалаушы Билл Гейтс осыдан 15 жыл бұрын «Ғаламтордан сырт қалған адамның болашағы бұлыңғыр болуы мүмкін» деп топшылаған. Қазір ол шындыққа жанасып келеді. Сондықтан біз технологиялық жаңалықтарды жатырқамауымыз керек. Балаларға IT бағдарламаларды, робототехниканы меңгеріп кетуіне жағдай «Рухани жаңғыру» орталығының ұйымдастыруымен өткен «Ата-ана, мен және робот» отбасылық-танымдық чемпионатта Қуаныш Нұрлан II орынды қанжығасына байлады. Республикалық пәндік олимпиадада Хамза Қабылбек те үздіктер қатарынан табылып, II орынға табан тіреді. Халықаралық жобалардан да оқушылар құралақан қайтқан емес. Бұдан бөлек, бүгінгі күн талабынан туындайтын жаңартылған білім мазмұнындағы курстардан 6 информатика пәні мұғалімі кәсіби біліктілігін көтерсе, 2015-2020 жылдарға арналған үш тілде білім беруді дамытудың Жол картасы аясында информатика пәні бойынша ағылшын курсынан 2 мұғалім 3 айлық курсты тәмамдады, – деді Меруерт Наушақызы.

Оқу орнындағы жаңа аудиториялармен танысу барысында өркениет талабына сай болуы үшін бар жағдай жасалғанына көз жеткіздік. Ол болашақтың балаларын жан-жақты дамытары сөзсіз. Бір жағынан, бұл – білім саласына инновациялық технологияларды енгізуге күш салып отырған білім беру мекемесінің жетістігі деп айтуға болады.

Суретті түсірген **Н.НҰРЖАУБАЙ.**

«Legorobo» үздіктер қатарында

Заман сұранысы – ақпараттық техника саласының мамандары. Қазір ата-аналар да баласының дүние жүзінде кең қолданыс тапқан IT-ды, робототехниканы меңгеруін қалайды. Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада өткен «Ата-ана, мен және робот» атты отбасылық-танымдық чемпионатта осыны аңғардық.

«Казроботикс» білім беру және спорттық робототехникасының Қазақстан Федерациясы республикалық қоғамдық бірлестігі, «Smart Generation» робототехника мектебі, облыстық «Рухани жаңғыру» орталығы мен облыстық білім басқармасы бірлесе ұйымдастырған жарысқа «Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығының, қалалық және аудандық білім беру бөлімдерінен құралған командалар қатысты. Ең қызығы, қатысушылардың қатарында бастауыш сынып оқушыларынан бөлек ата-аналар да болды. Робототехника саласына деген қызығушылықты анықтап, соған сай бағыт-бағдар беруді мақсат еткен сайыс үш кезеңді қамтыды. Нәтижесінде сынақтан сүрінбей өткен Жалағаш аудандық оқушылар үйінен келген «Legorobo» үйірмесінің мүшелері үздік деп танылды. Шара соңында жеңімпаздар «Рухани жаңғыру» орталығының арнайы дипломымен марапатталды.

М.СНАДИНҚЫЗЫ.

Óner

САХНА ТӨРІНДЕ – ЖЕНЕВАЛЫҚ АНСАМБЛЬ

Сыр өңіріне женевалық «Споём вместе» ансамблі келді. Меймандар әуелі облыстық тарихи-өлкетану мұражайымен танысып, қаланың көрікті жерлерін аралады. Осыдан кейін Достық үйінде «Славяне» қоғамдық мәдени орталығының өкілдерімен кездесті.

Кеш барысында ескі әндер қайта әуеледі. Топ орыс, француз, итальян тілдерінде шырқап, удмурт биін мың бұрала биледі. Залдағы көрермен оларды ду қол шапалақпен қолдап, ыстық ықыласын білдіріп отырды.

– Ансамбль 2008 жылы Ресей-Швейцария клубының ғылыми хатшысы Пьер Роснянскийдің қолдауымен құрылған. Оның құрамында орыс музыкалық мәдениетіне қызығушылық танытатын асқақ дауысты әншілер мен музыканттар бар. 2010 жылдан бастап топты аккордеонист Елизавета Голованова мен Париждегі Александр Невский соборының шіркеу хорында шырқаған ақсүйек эмигранттардың ұрпағы басқарады. 2011 жылдан бастап топ Удмурт Республикасының мәдениет қайраткері, халық артисі Надежда Уткинамен бірге Ресейде өнер көрсетіп келеді. Осындай ансамбльдің біздің өңірге келуі – үлкен мәртебе, – дейді «Славяне» қоғамдық-мәдени орталығының басшысы Галина Щербакова.

«Споём вместе» әуесқой әншілер тобының жеткен жетістігі де орасан екен. 2011-2012 жылдары ансамбль «Пар-Ижевск», 2013 жылы «Ура, Урал!», «Чайковский forever», «Иж-Женева» жобасының аясында «Русские вечера вокруг Лемана» халықаралық фестивальдеріне қатысқан. Ал биыл Қазақстандағы Ресей елшілігінің шақыруымен «Поём вместе!» халықаралық жобасына қатысуға мүмкіндік алып отыр.

М.СНАДИНҚЫЗЫ.

Oıtúrtki

ӨМІРІҢІЗДІ САҚТАНДЫРУҒА ҚАЛАЙ ҚАРАЙСЫЗ?

Жақында бір танысым хабарласып, қызықты әрі пайдалы ұсыныс айтқысы келетінін жеткізді. Оның әсіресе, «кейінгі өміріңді қамтамасыз етуге тиімді мүмкіндік, яғни, қарттық пен қиын жағдайға душар болған жағдайда ақшасыз қалмайсың» дегені қызық болды маған. Содан әлгі танысыммен кездестім. Ол өзінің бір сақтандыру компаниясында жұмыс істейтінін, сақтандырудың маңыздылығы мен пайдасы жөнінде айта бастады. Әлгі кісінің сөзіне сенсек, әрбір адам осы сәттен бастап өз өмірін сақтандырып қоюы керек екен. Ол үшін белгілі бір компания белгілеген соманы бірден не бөліп саласың және оны зейнет жасына дейін жинауың шарт. Ал егер оған дейін жазатайым жағдайға ұшырасаңыз, яғни, жол апатына түсіп не басқа да оқыс оқиғаға тап болып, сырқаттанып не мүгедек болып қалсаңыз, әлгі жинап жатқан қаржыңызды сізге өсімімен береді екен.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Әлгі маманның сөзіне сенсек, Еуропа елдерінде халықтың 98 процентке жуығы өмірін сақтандырып қойған. Ал, статистикалық мәліметке сүйенсек, біздің елімізде мұндайлар небәрі 2 процентті құрайды екен. Бір қызығы, адамның өте сирек кездесетін, әсіресе табыс әкелетін қабілетін сақтандыру қалыпты жағдайға айналып барады. Мәселен, спортшылар дене мүшесін, әншілер дауысын сақтандырады дегендей. Ал мамандардың айтуынша, қарапайым қазақстандықтар өз өмірін сақтандырудың тиімділігі туралы біле бермейтін көрінеді. Бұл түсінікті жағдай деп ойлаймын. Өйткені, меніңше «Құдай өзі сақтасын, көппен көрген ұлы той», «Алдағы күнді Алла біледі» дейтін қазақы танымтүйсігімізде өмірін сақтандыру деген ақылға сыймайтын ұғым. Одан бөлек, айлығы шайлығына бірде жетіп, бірде жетпейтін қарапайым еңбек адамы сақтандыру компаниялары айтқан қаржыны бала-шағасының аузынан жырып бере қоймайтыны анық. Сондай-ақ, тұрғындардың сақтандыру дегенге мән бермеуінің тағы бір басты себебі бар. Ол – сақтандыру компанияларының ертеңіне, яғни, болашағына сенбеуі. «Аузы күйген үрлеп ішеді» демекші, талай қаржы пирамидалары мен желілік маркетингтің «арқасында» тірнектеп жиған қаржыларынан қағылып, тақырға отырған жұрт «Бас кеңсеміз Швейцарияда болмаса Германияда, сақтандырумен айналысқанына пәлен ғасырдан асты, сізге де жарқын болашақ, қайғысыз қарттық сыйлаймыз» дегенге сене қоя ма екен? Әй, қайдам...

Жалпы,өмірдісақтандырукомпаниясының негізгі мақсаты – денсаулыққа зақым келген жағдайда оны емдетуге қаржылай көмек беру және сол адам кенет о дүниелік болып кетсе табысына тәуелді адамдардың өмірін қаржылай қамтамасыз ету. Бірақ, заң бойынша өмірін сақтандыра алмайтын тұлғалар да бар. Олар зейнеткерлер, мүгедектер, нашақорлар мен психологиялық аурумен ауыратындар, сотталғандар өмірін сақтандыра алмайды екен. Қазіргі таңда елімізде онға жуық адам өмірін сақтандыратын компания бар екен. Олардағы сақтандырудың бастапқы құны 150 мың теңге болса, жоғарысы 2 млн теңгеден асады.

Біздің елімізде үй мен темір тұлпар секілді дүние-мүлікті сақтандыру жолға қойылғанымен, жоғарыда айтып өткеніміздей, өмірімізді сақтау дегенге құлық таныта қойғанымыз жоқ. Ал шет елде керісінше. Әсіресе, өнер жұлдыздарында дене мүшесін сақтандыру баяғыдан бар. Мәселен, Джей Ло бөксесін 300 миллионға, ал Мэрайя Кэри аяғы мен дауысын 70 миллион долларға бағалаған. Американдық актер Бен Терпин 1920 жылы 25 мың долларға көзін, әзілқой Кен Додд 4 млн-ға тісін сақтандырған. Атақты футболшылардан Зинедин Зидан, Майкл Оуэн 85 мың долларға, Майкл Джексон кезінде 5 млнға аяқтарын сақтандырған. Ағылшын әншісі Мэрилин Монро керемет дауыс иесі бола тұра даусын емес, аяғын 10 мың АҚШ долларына сақтандырған. Сонымен бірге шет елдерде жануарларын сақтандыру да сәнге айналған.

Ал, сіз, өміріңізді сақтандырар ма едіңіз?

Týrnır

«АҚМЕШІТТІҢ» АСУЫ

Сыр өңіріндегі гуманитарлық-техникалық, экономикалық-құқықтық және қызмет көрсету бағытында білікті маман даярлап келе жатқан алдыңғы қатарлы білім ордаларының бірі – «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институты.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Білікті кадр даярлау жолында бәсекелестікке қабілетті бұл оқу орнына биыл 20 жыл толса, институт жанынан құрылған Қызылорда көпсалалы гуманитарлық-техникалық колледжінің ашылғанына 15 жыл уақыт өтіпті. Жас ұрпақты білім нәрімен сусындатқан институт пен колледж ұстаздары аталған мерейтойға орай білім беру мекемелері арасында волейбол мен шахматтан турнир өткізді. «Спорт – біздің өміріміз» деп аталатын екі күндік спорттық жарыста облыстағы 15-ке жуық оқу орнынан жиылған командалар бақ сынасты.

Жарыс қорытындысы бойынша волейболдан «Үздік шабуылшы» болып Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің оқытушысы Асхан Әлімбетов танылды. «Үздік үйлестіруші» номинациясына С.Ысқақов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжінің оқытушысы Талғат Найзабеков, «Үздік қорғаушы» жүлдесіне Қызылорда қызмет көрсету және сервис колледжінің оқытушысы Серғазы Егізбаев, «Үздік команда жетекшісі» арнайы сыйлығына «Жас өркен» колледжінің оқытушысы Жаңабек Алтынбеков ие болды.

Ерлер арасынан «Үздік волейболшы» номинациясына лайық деп «Болашақ» медицина колледжінің оқытушысы Мерекебай Әбдешов, қыздар арасынан «Болашақ» университетінің оқытушысы Айгүл Есқараева танылды. Шахмат бойынша ерлерден «Үздік шахматшы» жүлдесін Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің оқытушысы Сәкен Үдербаев, қыздар арасынан Қазақ гуманитарлық заң және техникалық жоғары колледжінің оқытушысы Нұржамал Жәлиева иеленді.

Командалық сайыста волейболдан И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлы-техникалық жоғары колледжі 3-ші орынға жайғасса, 2-ші орынға Қазалы гуманитарлық-техникалық колледжі қол жеткізді. Турнирдің 1-ші орнын «Өркениет» медицина колледжінен құралған команда жеңіп алды. Шахматтан командалық есепте Қазақ гуманитарлық, заң және техникалық жоғары колледжі 3-ші орыннан көрінді. Ал «Өркениет» медицина колледжі 2-ші, жарыстың бірінші жүлдесімен Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті марапатталды. Жүлдегер командалар ұйымдастырушылар тарапынан қаржылай сыйлық, диплом мен мерейтойлық кубоктарға ие болды.

Сонымен қатар жарыс соңында институт басшысы Айтмағанбет Үргенішбеков жарысқа қатысушыларға алғыс айтып, турнирдің өткізілуіне атсалысқан Серік Бакенов, Әлім Тобылбаев, Талғат Досмамбетов сынды азаматтарға өз лебізін білдіріп, грамота тапсырды.

Кірпіш сатылады

Қызылорда қаласында украиналық құралмен жабдықталған М-125 маркалы қатпарлы кірпіш сатылады. Өлшемі 250х120х88 мм, 250х120х65мм. Байланыс тел.: 8 701 335 96 50, 8 777 058 24 69.

(6-3)

Кезекші редактор **Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.**

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. "АҚ" - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 28784
Тапсырыс №1642

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz